



БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 14 ақпанда
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ *1-05/594*
город Павлодар

**Қ. Бітібаева атындағы
олимпиада өткізу туралы**

«Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы» КМҚК жоспарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 3 наурыз сағат 10.00 - де Павлодар қаласының №7 жалпы білім беретін мектебінде 9-11 сынып оқушылары арасында Қанипа Бітібаева атындағы республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі (бұдан әрі - Олимпиада) өткізілсін.

2. Олимпиаданың ұйымдастыру комитетінің құрамы (1-қосымша), қазылар алқасы мүшелерінің тізімі (2-қосымша) бекітілсін.

3. Мектеп директорлары олимпиадаға қатысушылардың уақытында келуін қамтамасыз етсін, жол жүру барысында балалардың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігі топ жетекшісіне жүктелсін.

4. Павлодар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебінің директоры (М.Б. Асаинов) Олимпиаданы өткізу үшін жағдай жасасын.

5. «Павлодар дарыны» бос уақытты қамту және балалардың дарындылығын дамыту орталығы» КМҚК (А.Л. Мухаметжанова) Олимпиаданы өткізу барысы мен құжаттарын дайындасын.

6. Қазылар алқасының мүшелеріне жұмыс уақытының табеліне сәйкес төлемақы жүргізілсін (А.Л. Мухаметжанова).

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бөлім басшысының
міндетін атқарушы



Ж. Асаинова

Таныстырылды _____

001615